

**“Күншуақ” бөбекжай-бақшасы” МКҚК
№ 11 “Жұлдыз” ересек тобы
“БАҚБАҚ ГҮЛІНІҢ ПАЙДАСЫ”**

**Сәуір- мамыр айларындағы
қысқа мерзімі жоба
Тәрбиешіері: Абдыкова А.Т
Нургалиева А.К**

2024-2025 оқу жылы

Жоба түрі: 4-5 жастағы балаларға арналған шығармашылық, әлеуметтік, танымдық-зерттеушілігі бар қысқа мерзімді топтық зерттеу жобасы.

Жобаға қатысушылар: тәрбиеші, ересек топ балалары, тәрбиеленушілердің ата-аналары.

Білім беру саласы: Экологиялық тәрбие.

Жобаның мақсаты: балаларға экологиялық мәдениетін, табиғаттағы экологиялық сауатты мінез-құлықты қалыптастыру, «Бақ бақ гүлінің пайдасы» тақырыбындағы білім беру жобасын жүзеге асыру барысында балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.

Жобаның міндеттері: балалардың табиғаттың сұлулығын сезіну, оның сипаттамалары туралы қарапайым идеяларды қалыптастыру; өсімдіктердің әртүрлі экологиялық факторлармен байланысы туралы түсінік қалыптастыру; бақ бақ гүлін басқа гүлдерден ажыратуға, пайдалы қасиеттерін атап ерекшеліктерін атауға үйрету.




Дамытушылығы: табиғатта себеп-салдарлық байланыстар орнату, қорытынды жасау қабілетін дамыту; іздеу қызметіне эмоционалды қызығушылықты дамыту; балалардың сөйлеуін дамыту, қызығушылықтарын арттыру, зерттеу және танымдық қызмет барысында ойлау мен қиялды дамыту эмоционалды жауаптылықты дамыту; балалардың шығармашылық қабілеттерін, әртүрлі әдістерді (пластилинография, аппликация, қарындаштар, бояулар) қолдана отырып, бақ бақ гүлінің сұлулығын жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу, өсімдіктің сұлулығына эмоционалды қабылдау, шығармашылық жұмыста көргендердің сұлулығын жеткізуге деген ұмтылысты ояту; ата-аналар арасында мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу қажеттілігін насихаттау.

Бақ бақ гүлі – көктемнің тұңғыш гүлі. Ол еліміздің барлық өңірінде өседі. Оны ел ішінде «сарғалдақ» деп те атайды. Біз бүгін сіздерге бақ бақ гүлінің адам денсаулығына пайдасы туралы айтқымыз келіп отыр.

Болжамды нәтиже: балалардың өсімдіктер әлеміне деген тұрақты қызығушылығын дамыту, балалардың өсімдіктерге саналы түрде дұрыс қабылдауы, балалардың танымдық белсенділігін дамыту балалар бақ бақ гүлінің құрылымының бөліктерін білуі және атауы керек, оның сипаттамалық ерекшеліктері, көбею әдісі, өсу кезеңдері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру; бақ бақ гүлінің адамдар мен жануарларға тигізетін пайдасы немесе зияны туралы білу; бақ бақ гүлін бейнелеудің әртүрлі техникалық әдістерін меңгеру. Балалардың өзіндік шығармашылық жұмыстарды орындауға деген ұмтылыстарын арттыру. Ата-аналарды мектепке дейінгі білім беру мекемесінің педагогикалық процесіне тарту, балабақшамен ынтымақтастыққа қызығушылықты арттыру.

**Алаңқайдағы
бақ бақ
гүлдерін
тамашалау,
бақылау**





Бақ бақ гүлін бақылау әрі тамашалау



- Бақ бақ астралылар тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде екі жылдық шөптесін өсімдіктер.
- Қазақстанда 59 түрі бар, оның 23-і сирек кездесетін өсімдіктер болып саналады. Ең көп тарағаны дәрілік бақ бақ, көксағыз бақ бағы олар шалғынды көгалды жерлерде, жол жиегінде, тау бөктерінде өседі. биіктігі
- 4- 30 см дегі сабағы қуыс жапырақсыз, тықыр, сүтті шырынды болады. Гүлдер қосжынысты сәуір мамыр айларында гүлдейді. Жемісі дәнек, ол желмен тарайды. Тамыры, сабағы дәрілік мақсатта қолданады.



Бак бак гүлін
кептіруге
дайындау



Жобаның өзектілігі: Бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі-балаларды ерте жастан бастап туған табиғатының тағдыры үшін жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатты қорғауға қолдан келгенше көмекке тарту, экологиялық тәрбие беру. Өткізілген жоба мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеуге бағытталған мақсаттарды, міндеттерді айқындайды. Жоба балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің пәндік ортасын ескере отырып жасақтау.





Бак бак гүлімен шығармашылық жұмыс





Серуендегі
шығармашылық
әрекеті
Бақ бақ гүлінен түрлі
эстетикалық бейнелер
жасау.









Негізгі кезең сәуір-мамыр айлары:

Танымдық – зияткерлік, зерттеушілік алаңы: «Алаңқайдағы күн" серуенінде бақылау «Бақ-бақ гүлі– сары және ақ түске айналуын бақылау

Әңгіме құрастыру: «Гүлдерді жинаңыз», «Жұптасқан суреттер», «гүлдер», «гүл шоқтарын кім тез жинайды?», "көбелектер"

Қорытынды кезең «Жарқыраған күн көзі» және «Анаға арналған гүл» балалар жұмыстарының көрмелері.

Пайдасы: Көптеген елдерде бақ бақ гүлдерін жейді. Өсімдіктің жас жапырақтары витаминдік салаттарға қосылады. Тамырларын емдік қасиеттерге қолданады. Жаңа тамыр шырыны косметикада қолданылады.

Ежелден бері халықтық медицинада құнды дәрілік өсімдік ретінде қолданылған. Бақ бақ гүлі барлық бөліктері емдік қасиеттерге ие: тамыр, гүл, жапырақтар және сабағы. Оны өмір эликсирі деп те атасақ болады.

Бақ бақ гүлінен: дәрілік емдік шөптер жасалады.

-Емдік ретінде кептірілген гүлден шай ретінде қолданады.

-Емдік бал яғни мед жасалады.





**Бак бак
гүлінен
сәнді бас
киім жасау**



Балабақша алаңқайында шығармашылық жұмыстары







Балалардың жобалық жұмыстары





**Үйдегі бос
уақытты тиімді
қолдану;
Бақ бақ гүлінен
бауырсақты
безендіру**







Бак бак
гүлінің
тұқымынын
ұшуын
бақылау




Бақ бақ гүлінен бал жасау әдісі





Қорытындылар: Жоба бойынша жұмыс нәтижесінде балалар барлық өсімдіктердің маңызды екенін білді. Ата-аналардың балалармен бірлескен іс-әрекетке қызығушылығы артты. Балалар қоршаған әлемге белсенді қызығушылық танытты. Жұмыс барысында балалар бақ бақ гүлі өсімдігімен танысып, пайдалы қасиеттері туралы және дәрілік өсімдік екенін білді. Балалардың көркем шығармашылығы бойынша дағдылары жетілдірілді: Балалардың серуендегі қойылған сұрағының себебімен тобымыздың қысқа мерзімді жобамыздың тақырыбы қойылды.





НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ